

**Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Қызылсай" мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарауындағы жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи (кешенді) және мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қаумалдар аумағы шегінде жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметіне шектеулер белгілеу туралы**

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 17 қаңтардағы № 4 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 қаңтарда № 3788 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне және Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Қызылсай" мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарауындағы жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи (кешенді) және мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қаумалдар аумағы шегінде жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметіне шектеулер белгіленсін.

2. "Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Д.Т. Құсбеков) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.К. Сәкеевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Маңғыстау облысының әкімі*

*Е. Тоғжанов*

Маңғыстау облысы әкімдігінің  
2019 жылғы 17 қаңтардағы  
№ 4 қаулысына қосымша

**Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Қызылсай" мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарауындағы жергілікті маңызы бар мемлекеттік**

## **табиғи (кешенді) және мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қаумалдар аумағы шегінде жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шаруашылық қызметіне шектеулер**

1. Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Қызылсай" мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарауындағы жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи (кешенді) және мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қаумалдар аумағы шегінде мынадай қызметке:

1) жергілікті маңызы бар "Есет", "Көлеңкелі", "Манашы" мемлекеттік табиғи (кешенді) қаумалдар аумағы шегінде – табиғи кешендерді сақтауға қатер төндіретін шаруашылық қызметке, өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіруге;

2) жергілікті маңызы бар "Адамтас", "Жабайұшқан", "Тасорпа" мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қаумалдар аумағы шегінде – уәкілетті органның рұқсаты бойынша ғылыми-зерттеу, өсімін молайту және мелиорациялық мақсаттарда алып қою жағдайларын қоспағанда, аң аулауға, балықтарды қоспағанда, кез келген тәсілдермен және құралдармен жануарларды аулауға, жануарлардың бөтен түрлерін интродукциялауға, ұяларды, індерді, апандарды және басқа да мекендеу орындарын бүлдіруге, жұмыртқалар жинауға тыйым салынады.

2. Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар белгіленген шектеулерді сақтай отырып, мемлекеттік табиғи қаумалдар аумағы шегінде шаруашылық қызметті жүзеге асыруға құқылы.